

АЭжБУ Фылыми кеңесінің  
отырысында бекітілген  
(08.08.2024 ж. №15 хаттама)  
АЭжБУ Академиялық саясатына  
Қосымша 26

## «ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ-ДАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

### 1. Құжаттың мақсаты

Осы құжат «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамында білім алушыларды окудан шығару тәртібін айқындайды.

### 2. Құжаттың қолданылу саласы

Осы құжаттың талаптары Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау кезінде оқу процесіне қатысатын университеттің құрылымдық бөлімшелерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

### 3. Сілтемелер

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттары негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметтің үлгілік қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 30.10.2018 ж. № 595 бұйрығымен бекітілген.

- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығымен бекітілген.

- Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуга қабылдаудың үлгілік қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 31.10.2018 ж. № 600 бұйрығымен бекітілген.

- АЭжБУ академиялық саясаты.

### 4. Терминдер мен қысқартулар

Осы Ережеде келесі анықтамалар қолданылады:

*Академиялық адалдық* – жазбаша жұмыстарды (бақылау, эссе, дипломдық, диссертациялық) орындау, емтихандардагы жауаптар, зерттеулер, өз ұстанымын білдіру, академиялық қызметкерлермен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен өзара қарым-қатынас кезінде білім алушының оқудағы адалдығын білдіретін құндылықтар мен қағидаттар жиынтығы;

*Үлгерімнің орташа балы GPA (Grade Point Average)* – ағымдағы кезеңдегі кредиттердің жалпы санына пән бойынша қорытынды баға балдарының сандық эквиваленті және кредиттер сомасының қатынасын білдіретін семестр, оқу жылы немесе бүкіл оқу кезеңі түріндегі академиялық кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшемді бағасы;

*Білім алушыларды қорытынды аттестаттау* – түлектердің теориялық білім деңгейін, қалыптасқан кәсіби құзыреттерін, кәсіби міндеттерді орындауга дайындығын және олардың дайындығының білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігін бағалау ресімі;

*Академиялық үлгермеушілік* – жеке оқу жоспарын орындау;

*Академиялық берешек* – білім беру бағдарламасының бір немесе бірнеше оқу пәндері, курстары, пәндері (модульдері) бойынша аралық аттестаттаудың қанагаттанарлықсыз нәтижелері немесе дәлелді себептері болмаған кезде аралық аттестаттаудан өтпеу;

*Білім алушыларды аралық аттестаттау* – білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын менгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

*Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау* – академиялық кезең ішіндегі сабак кестесіне сәйкес аудиториялық және аудиториядан тыс сабактарда оқытушымен жүргізілетін оқу бағдарламасына (Syllabus) сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру;

*Транскрипт (Transcript)* – кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңіндегі менгерілген пәндер және (немесе) модульдер мен оқу жұмысының басқа түрлерінің тізбесін қамтитын құжат;

*Аралық бақылау* – пән бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау академиялық күнтізбеге сәйкес өткізілетін тестілеу, коллоквиум немесе бақылау жұмысы түрінде өткізіледі;

*Tіrkeu ofisi* – білім алушылардың игерген кредиттерін ескере отырып, олардың оқу жетістіктерінің тарихын тіркеумен, білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауларын ұйымдастырумен және олардың академиялық рейтингтерін есептеумен айналысатын Академиялық қызмет;

*Эдвайзер (Advisor)* - тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын орындайтын, оқыту траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын менгеруге жәрдемдесетін оқытушы.

### **Негізгі ережелер**

Академиялық саясаттың 6.2 -тармағына сәйкес білім алушыны ЖОО-дан шығару келесі жаңдайларда жүзеге асырылады:

- 1) академиялық үлгермегені үшін;
- 2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- 3) ЖОО-ның ішкі тәртіп қағидаларын және Жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу құнын төлемегені үшін;
- 5) өз қалауы бойынша жүргізіледі.

Университеттен шығарылған білім алушылар, білім беру гранттарының иегерлері білім беру грантынан айырылады. Университетте окуын жалғастырудан бас тартқан жағдайда, білім алушы үш күн мерзімде университетті жазбаша хабардар етуге міндетті. Онымен шарттық қатынастар жалғасуда және білім беру қызметтерін көрсеткені үшін төлем ректордың оны университеттен шығару туралы тиісті бұйрықты шыққан күнге дейін есептеледі.

Университет пен білім алушы арасындағы шарттық қатынастарды тоқтату үшін білім алушыны университеттен шығару туралы бұйрық негіз болып табылады.

Білім алушының қызмет көрсету шартында көзделген құқықтары мен міндеттері окудан шығарылған күнінен бастап тоқтатылады. Окудан шығару туралы бұйрық шыққан күн окудан шығарылған күн болып есептеледі.

Университет окудан шығару туралы бұйрық шыққанға дейін 3 күн бұрын корпоративтік поштага хабарлама жібере отырып, білім алушыны хабардар етеді. Студенттерге хабарламаны оқымау және хабарламаға жауаптың болмауы окудан шығаруға кедергі болмайды.

#### **1. Академиялық үлгермеушілігі үшін окудан шығару.**

Академиялық үлгермеушілік – бұл білім беру бағдарламасының (оқу жоспарының) талаптарын орындауда, жеке оқу жоспарының орындалмауда.

Академиялық үлгермеушілік академиялық берешектің болуымен және / немесе GPA үлгерімінің белгіленген ауысу балынан төмен орташа балының болуымен көрінеді.

Білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру практика, қосымша Жазғы семестр және курстан алынған үлгерімнің орташа балы (GPA - Grade Point Average) бойынша нәтижелерді ескере отырып, оқу жылдары (аралық аттестаттау) қорытындылары бойынша жүзеге асырылады. Білім алушыларды курстан курсқа ауыстырудың міндетті шарты олардың ЖОО - да белгіленген ауысу балынан төмен емес үлгерімнің орташа балына (GPA-Grade Point Average) қол жеткізуі болып табылады.

##### **1.1. Білім алушы өзінің академиялық рейтингін (GPA) жоғарылата алады:**

- қосымша жазғы семестрде пәндерді қайта өту немесе қосымша пәндерді оқу арқылы.
- қайта оқу жылдарынан өту кезінде.

GPA ауысу балын алмаған және қосымша жазғы семестрде немесе қайта оку жылында пәндерді қайта оқуға өтініш жазбаған білім алушы академиялық үлгерменеджменті үшін университеттен шығарылады.

Қажетті GPA өту балын жинаған, бірақ келесі семестрдегі пәндер үшін пререквизит болып табылатын пәндер бойынша қосымша жазғы семестрде академиялық берешекті жоймаған білім алушы қайта оку жылына қалдырылады.

Қайта оку жылына немесе өз еркімен оқудан шығаруға немесе басқа ЖОО-ға ауысуга қосымша Жазғы семестр аяқталғаннан кейін бір апта ішінде, бірақ келесі оку жылы басталғанға дейін бір апта бұрын өтініш жазбаған білім алушы академиялық үлгерменеджменті үшін университеттен шығарылады. Ауыстыру және қайта қабылдау туралы өтініштер тек демалыс уақытында және академиялық кезең басталғанға дейін 7 күннен кешіктірілмей қаралады.

Корытынды аттестаттау бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған білім алушы білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: дипломдық жұмысты (жобаны) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамаған немесе білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: кешенді емтихан тапсырмаған ретінде академиялық үлгерменеджменті үшін ЖОО басшысының бүйрүгімен ЖОО-дан шығарылады.

## 2. Академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін оқудан шығару.

Академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары:

1) академиялық жұмыста адалдық пен өзара құрметтеуді қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету;

2) жоғары этикалық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған академиялық адалдықтың әділ және объективті қағидаларын бекіту;

3) жазбаша бақылау жұмыстарын, емтихандарды, эсселерді, зерттеулерді, презентацияларды орындау және тапсыру кезінде лайықты мінез-құлық;

4) оқытушының академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тәлімгер ретінде өзінің білім алушыларына құрмет көрсетуі;

5) академиялық адалдықты ілгерілеткені және корғағаны үшін білім беру процесіне қатысушыларды көтермелеген және ынталандыру;

6) оқытушының пәннің нақты саясатын, білім алушыдан күтілетін талаптарды анықтауы;

7) оқытушының білім алушылардың оку жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлерін айқындау;

8) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдау;

9) білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық адалдық көріністеріне жол бермеуге мүмкіндік беретін академиялық орта құру болып табылады.

Академиялық адалдықтың бұзылуы ағымдағы бақылауды, ғылыми-зерттеу жұмысын, корытынды бақылауды (емтихандағы тәртіп ережелерін бұзу), корытынды аттестаттауды (кешенді емтихандар, бітіру жұмыстарын қорғау) жүргізу кезінде анықталуы мүмкін.

Академиялық адалдықтың бұзу түрлері «АӘжБУ» КЕАҚ Академиялық адалдық саясатына сәйкес анықталады

Оқытуши, емтихан алушы, ғылыми жетекші академиялық адалдық саясатының ережелерін және немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін бұзуда оку процесі кезінде байқалған білім алушының жұмысын жояды. Бұл ретте оқытушы немесе емтихан алушы немесе ғылыми жетекші, кафедра меншерушісі, Тіркеу оғисінің бастығы қол қойған хаттама жасалады. Хаттаманың көшірмесі кафедрада қалады, түпнұсқасы акпараттық жүйеге тиісті өзгерістер енгізу үшін тіркеу оғисіне (бұдан әрі - ТО) беріледі.

Болашақта мұндай мінез-құлықтың алдын алу мақсатында тапсырмаларды орындау кезінде Академиялық адалдық саясатын бұзған студент түсіндірмे жазба жазады.

Кафедра отырысында келесі іс-әрекеттер туралы шешімдер қабылданады:

- қайта тапсыру тәртібі Ғұмарбек Дәүкеев атындағы АӘжБУ КЕАҚ-та білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларында айқындалатын емтихандар мен бітіру жұмыстарын қоспағанда, білім алушыға оқытушы белгілеген уақытта жойылған жазбаша жұмысты қайта тапсыру құқығын беру туралы;

- Академиялық адалдық фактісінде байқалған білім алушының орындаған жұмысын қайта тапсыру құқығынан айыру туралы.

Аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын), қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде бұзушылықтар тіркелген жағдайда, қайта тапсыруға тыйым салынады, ал пәнді қайта зерделеу, қорытынды аттестаттаудан қайта өту тәртібі Ғұмарбек Дәүкеев атындағы АӘжБУ КЕАҚ-та білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу қағидаларында айқындалады;

Корытынды аттестаттау өткізілгеннен кейін (бітіру жұмыстарын тексеру нәтижелері бойынша) Академиялық адалдық саясатының бұзылуы анықталған жағдайда, бітіру жұмыстарын тексеру жөніндегі комиссияның тиісті анықтамасы негізінде плагиаттың, қайталаудың, көшірудің анықталған фактілері туралы материалдар одан әрі шешім қабылдау үшін аттестаттау комиссиясына жіберіледі.

Ережені бұзудың әрбір нақты жағдайын университет ректорымен арнайы құрылған комиссия талдай алады, оның құрамына АҚ жөніндегі проректор, институт директоры, кафедра меншерушілері, оқу тобының әдвайзерлері және т.б. кіруі мүмкін.

Оқытушы (емтихан алушы, ғылыми жетекші немесе қорытынды бақылау (аралық аттестаттау және/немесе қорытынды аттестаттау) рәсімін өткізуге қатысы бар университет қызметкерлері) анықтаған білім алушының академиялық адалдық саясатын бұзудың үштен астам жағдайы тіркелген жағдайда, білім алушы академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін окудан шығарылуға жатады.

Институт директоры университет ректорының атына Академиялық адалдық ережелерін бұзы тарихы және білім алушымен бұрын жүргізілген алдын алу (түсіндіру) жұмысы егжей-тегжейлі баяндалған білім алушыны окудан шығаруға ұсыным ұсынады.

Директордың ұсынысы негізінде окудан шығару туралы бұйрық шығарылады.

3. ЖОО-ның ішкі тәртіп ережелерін және Жарғысын бұзғаны үшін;

Ішкі тәртіп ережелерін және/немесе университет Жарғысын бұзған жағдайда институт директорының ұсынуымен окудан шығаруға бұйрық шығарылады.

Университеттің ішкі тәртібін және Жарғысын бұзғаны үшін окудан шығару:

- оқу тәртібін бұзғаны үшін, университетпен байланысты жоғалтқаны үшін;
- ағымдағы семестрде 36 сағат және одан да көп көлемде оқу сабактарын дәлелді себептерсіз жүйелі түрде өткізгені үшін;
- емтихандағы тәртіп ережелерін бұзғаны үшін;
- университет қабырғасында спирттік ішімдіктер ішкені, алкогольдік, есірткілік масандық немесе басқа түрдегі улануды тудыратын заттарды пайдаланғаны, құмар ойындар ойнағаны үшін;
- ауыр зардаптарға әкеп соғуы мүмкін енбекті қорғауды немесе өрт қауіпсіздігін бұзғаны үшін;
- университет мүлкін бұлдіргені үшін;
- университет қабырғасында қоғамға жат мінез-құлық үшін.

Білім алушының және университеттің еркінен тыс мән-жайлар бойынша окудан шығару, оның ішінде:

- шетелдік білім алушыны депортациялау;
- білім алушының қамауға алу, оның түзеу мекемелерінде жазасын өтеу қорытындылары;
- университетте окуды жалғастыруға мүмкіндік бермейтін басқа жағдайларда.

4. Білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оку құнын төлемегені үшін;

Білім алушы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде институт директорының ұсынуы негізінде оқу құнын төлемегені үшін окудан шығарылуы мүмкін.

Әрбір жағдайды институт директоры жеке қарастыруы мүмкін.

Окудан шығару туралы шешім негізделген жағдайда ұсыным негізінде окудан шығару туралы бұйрық шығарылады. Оқу құнын төлемегені үшін окудан шығарылған ақылы негізде оқитын Студент қарызын өтеген жағдайда оқуға қайта қабылдана алады және окудан шығарылған құннен бастап төрт алта ішінде осы семестрде оқуын жалғастыра алады.

5. Өз қалауы бойынша.

Білім алушының (заңды өкілдердің) бастамасы бойынша окудан шыгару жүргізіледі:

- өз қалауы бойынша;
- басқа білім беру мекемесіне аудиесуна байланысты.

Өз қалауы бойынша окудан шыгарылған жағдайда білім алушы университет ректорының атына окудан шыгару туралы өтініш жазады, ол институт директоратында қабылданады және осы өтініш негізінде бұйрық шыгарылады.

Толтырылған кету парагын ұсынғаннан кейін тіркеу оғисі білім алушыға алдыңғы білімі туралы құжатты береді. Білім алушының қалауы бойынша менгерілген пәндер (кредиттер) туралы бағалары бар Транскрипт беріледі.

Басқа білім беру мекемесіне аудиесуна байланысты окудан шыгару білім алушыларды аудиестіру және қайта қабылдау қағидаларына сәйкес қабылдаушы ЖОО-дан жеке ісіне сұрау салу және қабылдау туралы бұйрықтан үзінді көшірме негізінде жүргізіледі.

Толтырылған кету парагын тапсырғаннан кейін тіркеу оғисі пошта арқылы білім алушының жеке ісін қабылдаушы білім беру мекемесіне жібереді.

Егер білім алушы ақадемиялық демалыста болған жағдайда, онда ақадемиялық демалысты беру мерзімі аяқталуының соңғы күніне дейін білім алушы ақадемиялық демалысты аяқтау себебі бойынша одан шығу туралы өтініш жазуга және тиісті құжаттарды ұсынуға міндетті. Егер студент қандай да бір себептермен белгіленген мерзімде құжаттарды ұсына алмаса (әскерден қайтару туралы құжаттар кешіктірілген жағдайда), ол өз институттының директоратына ескертүі керек. Олай болмаған жағдайда ақадемиялық демалыс беру мерзімі аяқталған айдан кейін білім алушыны хабардар етпестен окудан шыгару туралы бұйрық шыгарылады. Білім алушыны одан әрі қайта қабылдау демалыс кезеңінде жалпы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы құжатпен тәргілтелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және университеттің нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

**Ақадемиялық қызмет  
жөніндегі проректор**

Келісілді:  
ТО бастығы

АМД директоры



С.Байзакова